

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА



Кенес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың
туғанына 100 жыл толуына орай,

**«ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА:
ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР»**
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы
материалдарының жинағы

6 мамыр 2022 жыл

Сборник материалов
Республиканской научно-практической конференции
**«КАЗАХСТАН В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ:
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И СОВРЕМЕННЫЕ
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ»,**
посвященной 100-летию рождения героя Советского Союза
Маншук Маметовой

6 мая 2022 года



Алматы, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың
тұғанына 100 жыл толуына орай,
**«ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА:
ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР»**
атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы
материалдарының жинағы

6 мамыр 2022 жыл

Сборник материалов
Республиканской научно-практической конференции
**«КАЗАХСТАН В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ:
ИСТОРИЧЕСКАЯ ПАМЯТЬ И СОВРЕМЕННЫЕ
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ»,**
посвященной 100-летию рождения героя Советского Союза
Маншук Маметовой

6 мая 2022 года

Алматы, 2022

Бүгінде Бекболат мал шаруашылығымен айналысып, «Бірлік» ЖШС ұжымының үйітқысы болғанына бірнеше жыл болды.

Иә, Дәмелі апайдың балалары осылай өркендер өсуде. Облыстық тарихи-өлкетану музейі үйімдастырган «Жәдігер жерде қалмасын» акциясы аясында Дәмелі Мамбетжанованаң ауыл шаруашылығында еңбек еткен жылдары алған төсбелгілері, куәліктері, суреті т.б. құжаттарын баласы Серікболат Дағабаев тапсырып музей қорын толықтыра түсті.

Дәмелі Мамбетжанованаң ауыл шаруашылығында еңбек еткен жылдары алған төсбелгілері, куәліктері, суреті т.б. құжаттарын баласы Серікболат Дағабаев тапсырып құжаттары музей қорының негізгі жөне қосымша қорларында сақтаулы түр.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің фото-құжат қорында сақталған НҚТ-17132-17142 Д.4734-4744, ҚҚТ-6512/1-30 санымен тіркелген құжаттардан алынды.

Талжанов Қ.А.

кіші гылыми қызметкер,

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

Ақтөбе, Қазақстан

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

(Ардагер Айыш Жанұзақова туралы)

Ұлы Женіс күні-өскелен үрпақтың Отан үшін от кешкен соғыс ардагерлеріне тағзым етер күн.

Фашистік Германия бастаған сұрапыл соғыс қазақ халқына да ауыр болды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақ жігіттерімен қатар нәзік жандылар да майдан шебіне тартылды.

Қазақ қыздары да соғыс ауыртпалығын ер азаматтармен бірдей көтерді. Майданға аттанған әйелдер мен қыздардың көбі медициналық санитарлық ботальондар мен госпитальдарда борышын өтеді. Қазақ арулары түрлі өскери қурамаларда болып, ерен ерлік үлгісін көрсетті.

Сол бейбіт өмірді қорғауға аттанған қазақ жігіттері мен қыздары қатарында ақтөбелік Айыш Жанұзақова апаймыз да бар болатын.

Көзі тірісінде Ұлы женістің 50 жылдығы қарсаңында Айыш апай отты майдандағы жолы жайлы Шалқар аудандық газеттерінің біріне берген сұқбатымен әңгімемізді жалғастырамыз [1, 8-б.].

«Әлі есімде деп бастаған Айыш апай әңгімесінде, - еліміз лаң салып тұтқылдан басталған Отан соғысына бір жыл болыпты. Елдегі азаматтар бірінен соң бірі майданға кетіп жатты. Адам баласының небір қын

жағдайларға көзі үйренеді еken. Сол бір кездерде майдан жағдайларына күнделікті құлақ түре жүріп, салғаннан ендеп кірген жойқын соғыстың адам бойы түршігерлік әрекеттерінен «бәлен деген елді мекендеріміз жау қолында қалды» деген информбюроның құлақ жараптай суық хабарын естігеннен сайын өлердей үрейленетінбіз [2, 9-б].

Енді міне арада бір жылдан соң, яғни 1942 жылдың 15 шілдесінде өзіміздей өрімдей қыздарды да майданға ала бастады. Солардың бірі болып, өзім де майданға алынғанда шын басқа түскенді жаңа сезіндім. Және содан бастап әлігідей үрейдің қайда гайып болғаның сезбей де қалғандаймын. Шалқардан әскери эшалонмен шығып, Ақтөбеге екі күн. Орынборға екі күн аялдадық. Содан соң әрі қарай Ворошиловградқа жетіп, сонда бізді әр жерге бөлді [3, 5-б.].

Қызыл вагондағы сөре тақтайға қаз-қатар жайғасқан біздер неше күн жүргенізді ұмыттық, әйтеуір қиян шет-Қиыр Шығыс Приморье өлкесінен шығыппыз деп сүқбатын ақтаған.

Айыш апайдың сүқбатындағы әңгімесіне қарағанда кеше ғана отбасы күрган 19 жастағы қыздың Отан мүддесін жеке отбасының мүддесінен жоғары қоя білген ержүрек батырлығын көруге болады.

Шалқар өлкесінен Приморье өлкесіне түскен Айыш апай Краскино селосына орнықсан. Бұл жерде КСРО Қызыл Крест және Қызыл жарты ай қоғамының комитетіне қарасты Приморье өлкесінің Владивосток қаласындағы әскери курстан тоғыз ай медбикелікке оқып шықсан Айыш апай жаралы жауынгерлердің жарасын таңып, емдеп, майданның алдыңғы шептеріне оралуына жәрдем етті.

Медбике қыздың қолынан айығып шықсан жауынгерлер талай жаумен шайқаста ерліктерімен танылып, майданнан женіспен оралғандары анық.

Айыш апайдың майдандағы осындай ерліктері соғыстың соңғы нүктесі Жапония мен Корея шекараларында, Пхеньян, Хунчунь қалаларында жағасқан. Алғашқы кезде медициналық санитарлық ботальонда рота санитаркасы, №376 бөлімшеде аға медбике болып, кіші сержант әскери дәрежесінде қызмет атқарады [4, 3-б].

Женіс күнін шалғай жерде қарсы алған Айыш апай 1946 жылы көктемде отты майданнан отбасына, еліне оралған.

Обылыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында Айыш апайдың жауынгерлік жолын бейнелейтін фотосуреттер, медбикелік курстан өткені туралы куәлігі және апайдың ерлігінің күесіндай болып мақтау грамотасы сақталған [5, 2-б].

Соғыстан елге ораларда алған сыйлығы – хирургиялық қайшысы, градусник қорабы және майдандағы жеке фотосуреті музейдің «Ерлік пен Данқ» залының экспозициясына қойылған.

Музей қорында сақталған Айыш апайдың майдандағы фотосуреттері, мақтау қағаздары, медбикелік куәлігі, өзімен бірге алып келген заттары,

апайдың омырауына тағылған «Отан соғысы» ордендері мен медальдары бейбіт өмір үшін күрескен аяулы да нәзік батыр қыздың ерлігін дәлелдейді. Жолдасы Сағынтай Жанұзақов ағай да соғыс, еңбек ардагері болған.

Қазіргі кезде Айыш апайдың артынан қалған қызы Алма апай мен күйеу баласы Бақытжан ағай жиен немерелерімен үрпағын жалғастырып келеді. Осы тұста «Адам үрпағымен мың жасайды» деген қазақтың қанатты сөзі еске түседі.



Пайдалынылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

- 1 Шалқар аудандық газеті 1990 ж.
- 2 Шалқар аудандық газеті 2010 ж.
- 3 Шалқар аудандық газеті 2010 ж.
- 4 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының негізін қортуғымдері-16669/1
- 5 Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының негізін қортуғымдері-16669/2

Балқасынова А.Т.
кіші гылыми қызметкер
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі
Ақтөбе, Қазақстан

РЖЕВ ТУБІНДЕГІ ЕРЛІК

*(Ақтөбеде жасақталған 101-ши үлттық атқыштар
бригадасының тарихынан)*

Екінші дүниежүзілік соғыс – осы кезге дейінгі дамуында адамзат бастаң өткерген ондаған қақтығыстардың ішіндегі ең қасіреттісі. Мұндағы адам шығыны осы кезге дейінгі соғыстардан бірнеше есе асып тұсті. 1912-1922 жылдары дүниеге келген қазақ азаматтарының маңдайына тағдыр фашизмге қарсы қару ұстаған сарбаз болуды жазды. Бұл өрендердің дені жетімдер үйінің түлектері, әке-шешелері 37-нің сойқанында ұсталып, жазалы болғандар, діни мектеп өкілдерінің балалары, т.б. еді. Қазақ жері 1941-1945 жылдары Кеңес Одағының фашизммен күресінде барын аяған жоқ: басты ресурсы ер азаматтары кетті, азық қорларымен бүкіл майданды асырады, қару-жарақ өндірді, әскери техникаларды жабдықтайтын мұнайын берді. Елде қалған жас балалар мен ақ жаулықты аналар аш құрсақ жүріп, ет-сүт, бидай-астығын, жылы киімдерін майданға жөнелтті, күндіз-түні тыным көрмей енбектенді. Соғыс жылдары қазақ даласынан 3 миллион 240 мың тонна сүт, 240 мың тонна ет, 17 мың тонна жұн майданға жөнелтілді.

Ақтөбе облыстық-тарихи өлкетану музейінің «Ерлік пен Данқ» залында қасіретті соғыс жылдарынан мәлімет беретін 101-атқыштар бригадасының командирі, полковник С.Я. Яковленко және бригада комиссары подполковник Н.М. Алиевтің, саяси бөлімінің жұмысшылары, саяси қызметкерлерінің, соғыстан аман қалған Алматы қаласында тұратын санаулы ардагерлердің және ардагерлердің Ақтөбе облыстық музейде кездесуінде түскен суреттері қойылған [1, 356-б]. Сарғайған үшбұрышталған хаттар да соғыстың қасіретінен сыр шерткендей сактаулы [2, 3-б.].

Фашизммен соғыстың ауыр азаптары мен бейнеттерін бастаң өткерген өңірлердің бірі – Ақтөбе облысы. 1941 жылдың 1 қаңтарындағы санақ бойынша, Ақтөбе облысы тұрғындарының саны – 335 мың 900 адам.